

Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 4 қарашадағы N 315-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 7-9 қарашада Астана және Алматы қалаларында Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2006 жылғы 7-9 қарашада Астана және Алматы қалаларында Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Египет Араб Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

Астана және Алматы қалаларында сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Египет Араб Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:
сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді;

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атынан Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарламаны;

Қазақстан Республикасы өнер шеберлерінің қатысуымен концертті қамтамасыз етсін.

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Египет Араб Республикасының ресми делегациясын баратын жерлерінде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбәрактың құрметіне қабылдау ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана және Алматы қалаларының әуежайларында және "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында Египет Араб Республикасының Президенті Х. Мүбәракты қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғы 4 қ а р а ш а д а ғы

N 3 1 5 - ө ө к і м і н е

қосымша

Египет Араб Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Египет Араб Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10 форматы бойынша) Астана қаласының "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне, Алматы қаласының "Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" және "Риджент Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімін (бағдарлама кітапшалары, бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсаттамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Египет Араб Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Египет Араб Республикасының ресми делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын

ұ й ы м д а с т ы р у .

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атынан Египет Араб Республикасының Президенті Х.Мүбарактың құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру .

7. Іс-шаралар өтетін орындарды гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

8. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.